

Өскемен қаласының қоғамдық көлігінде (таксиден басқа) азаматтардың жекелеген санаттарының жолақысын төлеу бойынша жеңілдік белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 235 қаулысы және Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 2/4-VII бірлескен шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 29 қаңтарда № 8387 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының әкімдігінің 2025 жылғы 25 тамыздағы № 2638 бірлескен қаулысымен және Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2025 жылғы 21 тамыздағы № 37/8-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының әкімдігінің 25.08.2025 № 2638 бірлескен қаулысымен және Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 21.08.2025 № 37/8-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңының 13-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Өскемен қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Өскемен қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Өскемен қаласының қоғамдық көлігінде (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру азаматтардың мынадай санаттарына белгіленсін:

- 1) 70 жастан асқан азаматтарға – тариф құнының 55 %;
- 2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан және (немесе) көп балалы отбасылардан шыққан білім алушы балаларға, Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және Ауғанстан аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне – тегін жол жүру.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 23.04.2025 № 1292 қаулысымен және Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 23.04.2025 № 33/6-VIII шешімімен (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Өскемен қаласының әкімдігі аталған санаттағы жолаушыларды тасымалдаумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын өтеуді қарастырсын.

3. Қаржыландыру көзі болып қалалық бюджет анықталсын.

4. Осы бірлескен Өскемен қаласы әкімдігінің қаулысы және Өскемен қалалық мәслихатының шешімі Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының әкімі
Сессия төрағасы
Қалалық маслихат хатшысы

Ж. Омар
С. Коротин
А. Светаш